

НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТИ
ДІНТАНУ КАФЕДРАСЫ



БЕКІТЕМІН

Ректор

Мухаммад аш-Шаххат әл-Жинди

« 23 »

2020 ж.

2020-2021 оқу жылына арналған
«7M02202-ДІНТАНУ»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(2 жылдық)

Алматы, 2020

Дінтану білім беру бағдарламасы Дінтану кафедрасында дайындалып, кафедра отырысында талқыланды.

Хаттама №_9_ « 20 » __04__ 2020 ж.

Кафедра меңгерушісі Қ.С. Ержан



Университеттің Ғылыми кеңесінде қаралып, бекітілді.
№_8_ хаттама « 23 » 04 2020 ж.

ДИНТАНУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру саласының коды және классификациясы: 7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар

Дайындау бағытының коды және классификациясы: 7M022 Гуманитарлық ғылымдар

Бағдарлама атауы: 7M02202-Дінтану

Бағдарлама деңгейі: Магистратура 7 деңгей ҰБШ (Ұлттық біліктілік шеңбері)/СБШ (Салалық біліктілік шеңбері)/ББХСЖ (Білім берудің халықаралық стандарттық жіктелімі)

Берілетін дәреже: «7M02202-Дінтану» білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық ғылымдар магистрі

Кредиттердің жалпы көлемі: 120 академиялық сағат / 120 ECTS

Оқу мерзімі: 2 жыл

БББ ерекшеліктері

«Дінтану» білім беру бағдарламасы бәсекеге қабілетті, төзімділік ұстанымдарынан хабардар, білікті, дінтану саласында бекем білімге ие мамандарды дайындауды қамтамасыз етіп, кәсіби тілде өндірістік міндеттерді қалыптастырып, заманауи технологияларды қолдана отырып олардың шешімін табуға бағыттайды. Бұл білім беру бағдарламасы бәсекеге қабілетті, заманауи талаптарға сай жоғары білімге ие мамандарды дайындап, жалпы адамзатқа ортақ, рухани құндылықтардың қалыптасып, орнығуына және магистранттардың поликонфессионалды қоғамды құруға, ондағы тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтауға саналы түрде атсалысуына үлес қосуға негізделеді.

Құрастырушылар:

Аты-жөні	Қызметі	Байланыс мәліметтері
Ержан Қ.С.	Кафедра меңгерушісі	+7 771 466 9165
Затов Қ.А.	ф.ғ.д., профессор м.а.	+7 707 891 3390
Хамзеева Б.	ф.ғ.к., доц.	+7 777 236 3455
Есімқұлов Е.Н.	докторант	+7 707 466 3120
Мажиев Ғ.Ж.	ҚМДБ Аппарат жетекшісі (Жұмыс беруші өкілі)	+7 701 970 0880

Сарапшы топ:

Аты-жөні	Қызметі	Байланыс мәліметтері
Садуақасов Ж.С.	Академиялық мәселелер департаментінің директоры	+7 775 415 2525
Әділбаева Ш.А.	Сапа менеджменті бөлімінің меңгерушісі	+7 747 157 0360
Махмет М.	Оқу әдістемелік басқарма басшысы	+7 747 777 8437
Жолмағанбетова М.	ОӘБ Төрайымы	+7 701 578 2327
Имашева Г.	ДжМБ меңгерушісі	+7 775 204 9172

1. БАҒДАРЛАМА НЕГІЗДЕМЕСІ

«Дінтану» білім беру бағдарламасы бойынша магистр дәрежесін алған ізденуші ғылыми және практикалық зерттеулер жүргізу, діни зерттеулер және талдау, мониторинг,

кеңес беру, медиация, оқыту, қарым-қатынас, мәдени және білім беру секілді қызметтерді атқаруға құзіретті болып, Қоғамдық келісім комитеті, Дін істері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы, барлық деңгейдегі әкімдіктердің ішкі саясат бөлімі секілді мемлекеттік мекемелерде, жекеменшік оңалту, оқыту орталықтарында кәсіби қызметін жалғастыруға мүмкіндік алады. Заманауи еңбек нарығының талаптарына сай, жұмыс берушілердің сұраныстарына толыққанды жауап беретін, жеке және топтық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін, қоғам сұранысына дер кезінде лайықты шешім ұсынатын, тәуелсіз сарапшы қызметін атқарып, жоғары білім беру мекемелерінде қызмет атқара алатын білікті маман қалыптасады.

2. БАҒДАРЛАМА МАҚСАТЫ

Діни ахуалды зерделей білетін, дінтанулық сараптама жүргізіп, діни бірлестіктердің, діни білім беру ұйымдарына талдау жасап, ғылыми-сараптамалық текстерді жазуға қабілетті және оларды іс-жүзінде жүзеге асыра алатын жоғары білікті мамандар дайындау.

Подготовка высококвалифицированных специалистов, способных к объективному изучению религиозной ситуации, проведению религиозно-экспертной экспертизы, анализу деятельности религиозных объединений и учреждений религиозного образования, созданию научно-аналитических текстов, а также к их дальнейшему продвижению и реализации на практике.

The aim of the program is to train highly qualified specialists who are able to objectively study the religious situation, conduct religious studies, analyze the activities of religious associations and institutions of religious education, to write analytical texts, as well as their further promotion and implementation in practice.

Негізгі құзіреттіліктер (НҚ):

Бағдарлама бойынша бітіруші түлектер мынадай негізгі құзіреттіліктерді меңгеріп шығады:

- (НҚ1) Дүниетанымдық, әлеуметтік және жеке тұлғалық маңызы бар философиялық мәселелерді талдау;
- (НҚ2) Теоретикалық дінтанулық білімді және ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін тәжірибе жүзінде қолдану;
- (НҚ3) Өз қызметі барысында нормативтік-құқықтық құжаттарды еркін қолдану;
- (НҚ4) Дінтанулық тақырыптарда өткізілетін ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарларда оқылатын ғылыми баяндама мәтіндерін өз бетімен дайындау;
- (НҚ5) Оқу үдерісіне арналған оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдарды қолдана білу;
- (НҚ6) Қоғамдық-ақпараттық қызметтерді атқару;
- (НҚ7) Дінтану саласында кәсіби дәйектеу мен түрлі пікірлердің логикалық сараптамасын жасай алу.
- (НҚ8) Батыс пен Шығыс діни ойлары мен философиялық танымы арасындағы байланысты көрсетіп, әлемдегі діндердің қасиетті мәтіндерімен жұмыс жасай алу.

Оқыту нәтижелері (ОН):

Аталмыш бағдарлама түлектері келесідей нәтижелерге қол жеткізе алады:

- (ОН1) Қазіргі қоғамдағы дінтанулық мәселелердің ерекшеліктерін айқындай алу; қазіргі ағымдар мен бағыттардың діни дүниетанымын салыстыру, исламдағы ағымдар мен бағыттарды – діни білімде жүйелеу;

- *Определять специфику современных религиоведческих проблем; анализировать взгляды ислама и современных религиозных течений; систематизировать исламские течения и направления в области религиоведения.*
 - *To determine the specifics of modern religious studies problems; analyze the views of Islam and modern religious movements; systematize Islamic movements and directions in the field of religious studies.*
- (ОН2) Жалпы гуманитарлық зерттеулердің теориялық-методологиялық принциптерін үйрете отырып, нақты дінтанулық мәселелерді сауатты пайымдау; қазіргі дінтанулық зерттеу бағыттарын қалыптастыру мен классификациялау.
- *Правильно излагать религиозные вопросы на основе теоретико-методологических принципов обще-гуманитарных исследований. Формирование религиозных исследовательских направлений, а также их классификация.*
 - *It is correct to present religious issues on the basis of theoretical and methodological principles of General humanitarian studies. Formation of religious research areas, as well as their classification.*
- (ОН3) Іскерлік қатынаста қазіргі коммуникативті технология мен психологиялық техниканы меңгеру; басшының тұлғалық және басқарушылық ресурстарын дамытуды жоспарлау.
- *Использовать психологические методы и современные коммуникативные технологии делового общения, уметь планировать развитие личности и управленческого ресурса руководителя.*
 - *To use psychological methods and modern communicative technologies of business communication, to be able to plan development of the personality and administrative resource of the head.*
- (ОН4) Ғылым дамуында пәнаралық мәселелерге талдау жасау, сыни ойлау. Ғылыми зерттеу жүргізудің қажетті әдістері мен әдіснамасын таңдай білу және негіздеу.
- *Анализировать междисциплинарные вопросы в развитии науки, уметь выбирать и обосновывать соответствующие методы и методологию проведения научных исследований.*
 - *To analyze interdisciplinary issues in the development of science, to be able to choose and justify the appropriate methods and methodology of research.*
- (ОН5) Монотеистік діндердегі антропологиялық концепцияларын талдау.
- *Анализировать антропологические концепции монотеистических религий.*
 - *To analyze anthropological concepts of monotheistic religions.*
- (ОН6) Қасиетті кітап мәтіндерін аударып түсіну, салыстыру. Араб және ағылшын тілдеріндегі мәтіндерді аударма жасау барысында лексикографиялық мәселелерді талдау, дінтану саласындағы классикалық және қазіргі замандағы ғылыми мәтіндердің терминологиясын, концептілерін түсіну.
- *Интерпретировать тексты священных книг, сравнивать их с современными проблемами в данной сфере. Анализировать лексикографические проблемы перевода текста с арабского и английского языков, а также понимать терминологию и концепты классических и современных религиозных текстов.*
 - *Interpret the texts of the holy books, compare them with modern problems in this area. To analyze the lexicographic problems of translating text from Arabic and English, as well as understand the terminology and concepts of classical and modern religious texts.*
- (ОН7) Дін және қоғамдық өмірдің негізгі салалары – құқық, экономика, әлеуметтік қатынастармен өзара байланысын тұжырымдау.

- *Определять взаимодействие религии с такими основными сферами жизни, как право, экономика и социальные отношения.*
- *To determine the interaction of religion with such basic areas of life as law, economics and social relations.*
- (ОН8) Құранның негізгі тақырыптары, Құран ілімдерінің тарихы, Құранға қатысты сын-пікірлер, ориенталистердің тұжырымдарына талдау жасау, жүйелеу.
 - *Анализ и систематизация основных тем Корана, истории коранических наук, различных взглядов о Коране, мнений ориенталистов.*
 - *Analysis and systematization of the main topics of the Quran, the history of the Quranic sciences, various views on the Quran, the views of the Orientalists.*
- (ОН9) Заманауи педагогикалық әдістерді және сандық техниканы қолдану. Оқу процесінің мәні мен негізгі қызметіне мазмұнды талдау жасау.
 - *Применять современные педагогические методы и цифровые технологии. Анализировать содержание учебного процесса.*
 - *Apply modern pedagogical methods and digital technologies. To analyze the content of the educational process.*

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

3.1 Модульдер сипаттамасы

Модуль атауы	Модульдың құрамдас бөліктерінің атауы	Қалыптастырылатын күзiреттiлiктер	Оқыту әдiстерi
Ғылым тарихы мен философиясы	Ғылым тарихы мен философиясы	Осы пәнді игеріп шыққан білім алушы ғылым тарихы мен философиясындағы саласындағы заманауи білімдерді меңгеріп шығады (КҚ1); әлеуметтік-мәдени контекстегі және оның тарихи дамуындағы ғылымның мәнін ашып түсіндіре алады (КҚ2).	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары (интервью, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер) қолданылады.
	Шетел тілі (кәсіби)	Ауызша және жазбаша кәсіби бағытталған мәтіндердің функционалды ерекшеліктерін біледі (КҚ3). Кәсіби қарым-қатынаста қабылданған құжат жүргізудің негіздерін практикалық түрде меңгеріп шығады (КҚ4).	Білім алушыларды оқытудың орталық объектісі ретінде қарастыратын оқыту әдісі студенттердің оқыту үдерісіне рефлексивті көзқарасына негізделеді және құзыреттілікті қалыптастыруға

			бағытталған оқыту әдістері.
	Басқару психологиясы	Курсты сәтті аяқтаған білім алушы басқаруды ұйымдастырудың психологиялық үрдістерін игереді (КҚ5). Тиімді басқару арқылы мақсат етілген нәтижеге қол жеткізуді меңгереді (КҚ6).	Пәнді жүргізуде интерактивті тәсілдер (интервью, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер) қолданылады.
Педагогикалық практика	Жоғары мектептің педагогикасы	Жоғарғы оқу орындарындағы талап етілетін педагогикалық шеберліктің қырларын, тәсілдерін теориялық және практикалық тұрғыда игереді (КҚ7). Жоғары мектеп мекемелерінде сабақ берудің талаптарымен танысып, іс жүзінде сай болуға бағытталады (КҚ8).	Білім алушылардың педагогикалық шеберлігін, ұстанымдарын қалыптастырып, қажетінше бағыт-бағдар ұсынуға негізделген әдіс-тәсілдер қолданылады.
	Педагогикалық практика	Пән бойынша сабақтан тыс жұмыс жүргізудің кәсіби және педагогикалық дағдыларын игереді (КҚ9). Білім алушыларға жеке көзқарастарды қалыптастыру әдістемесін игереді (КҚ10). Нашар және жақсы оқитын студенттермен педагогикалық жұмыс істеу жолдары мен әдістерін меңгереді (КҚ11).	Педагогикалық шеберлікті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар кешені ұйымдастырылады.
Діни мәтіндер мен әдістер	Діни мәтіндерді түсіну және түсіндіру мәселелері / Қасиетті мәтіндер экзегетикасы	Діни мәтіндердің түрлі экзегетикасына салыстырмалы талдау жасауға дағдыланады (КҚ12). Діни мәтіндерді түсініп, классикалық, жаңа көзқарастармен түсіндірме жасай алады (КҚ13).	Теориялық курсты оқытуда дәстүрлі және инновациялық әдіс-тәсілдер, салыстырмалы-тарихи әдіс, салғастырмалы әдістер қолданылады.
	Дінтану әдіснамасы/ Дінтанулық сараптама әдістемес	Курсты игеру нәтижесінде, магистрант әдіснама туралы теориялық білімді игереді (КҚ14). Дінтанулық сараптама жасаудың негізгі спецификасын игереді (КҚ15).	Курсты жүргізуде пікір алмасу, семинар, пікір таластыру, топпен жұмыс істеу, тестілеу, анкеталық сауалнама, сараптама жасау арқылы, мақсатты

			нәтижелерге қол жеткізіледі.
	Мамандыққа қатысты араб тіліндегі мәтіндер/ Діни қолжазбалар	Діни мәтіндермен араб тілінде жұмыс істеу арқылы лингвистикалық және кәсіби құзіреттіліктер қалыптасады (КҚ16). Орта Азиядан XIII ғасырда шыққан ғалымдардың қолжазбаларынан Ханафи мазхабының дәлелдерін түпнұсқадан оқи алады (КҚ17).	Лингвистикалық, ұлттық-мәдени, коммуникативті, прагматикалық қасиеттерді ескере отырып, діни мәтінді дискурсивті талдау әдістері қолданылады.
Қазіргі дінтану ғылымы	Қазіргі дінтанудың мәселелері	Қазіргі дінтанудың пәнаралық сипатын және осыдан туындайтын парадигмалық принциптерді тұжырымдай алуға қабілетті болады (КҚ18); қазіргі заманғы дінтанудың категориялық аппараты мен ұғымдарын дін саласында туындайтын мәселелерді сараптау мен талдауда қолдана алады (КҚ19).	Пәнді оқытуда мәселеге бағытталған оқыту әдісіне басымдылық беріледі және сонымен қатар дуалды білім беру технологиясы қолданылады.
Дін антропологиясы	Зерттеу практикасы	Зерттеу практикасында білім алушылар ғылыми-зерттеу жұмысының ұйымдастырылу кезеңдерімен танысады (КҚ20). Ғылыми-зерттеу нәтижелерін мерзімдік басылымдарға жариялау үдерісін меңгереді (КҚ21).	Зерттеу орталықтары мен мекемелеріне білімгерлерді бағыттау арқылы олардың ғылыми потенциалын көтеруді мақсат еткен іс-шаралар кешені ұйымдастырылады.
	Дін антропологиясының тарихы мен теориясы	Дін антропологиясының тарихы мен теориясы пәнін меңгеріп шыққан магистрант философияның заманауи проблемаларын, оларды шешудің нақты жолдарын көрсете біледі және тәсілдерін негіздей алады (КҚ22); ғылыми зерттеу жұмыстарының нақты міндеттерін өз бетінше қалыптастыра алады және терең зерттеу жұмысын жүргізе білуге қол жеткізеді (КҚ23).	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары (интервью, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер) қолданылады.
Ислам және қоғам	Исламдағы ағымдар мен бағыттар / Қазақстандағы	Мәзһабтардың пайда болуына әсер еткен әлеуметтік, саяси, діни және мәдени алғышарттарды ғылыми негізде	Пәнді жүргізу кезінде білімгердің кәсіби дағдысын

	діни ағымдар	көрсете алады (КҚ24). ҚР діни қызметін жүргізіп, отырған діни бірлестіктердің тарихы және қызметімен теориялық тұрғыда толық танысады (КҚ25).	қалыптастыру мақсатында проблемалық сұрақтар, белсенді әдістер қолданылып, оқудан тыс жұмыстар да жүргізіледі.
	Ғылыми-зерттеу әдістері мен әдіснамасы/ Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау	Пәнді толық игерген білімгер ғылыми зерттеу жүргізу терминологиясын, әдістері мен әдіснамасын меңгереді (КҚ26). Сонымен қатар ғылыми зерттеуді ұйымдастыру мен жоспарлау жұмыстарын жүргізу дағдыларын қалыптастырып, ғылыми үдерістерге қажетті сараптамалық материалдарды дайындап, олардың нәтижесіне баға бере алады (КҚ27).	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданылады (ғылыми ақпаратты өңдеу, белгілі жағдайларды қарастыру, бизнес-тренингтер) және де магистранттардың кәсіби дағдысын қалыптастыру мақсатында оқудан тыс жұмыстар да жүргізіледі.
Тіл және дін	Шетел деректеріндегі дінтану / Дінтану салаларында жасалатын мамандандырылған аударма	Шетел тілінде кәсіби мақсаттағы мәтіндердерді (сөздіктің көмегімен немесе сөздіксіз) зерттеп, оқи біледі (КҚ28). Білім, ғылым, кәсіби және әлеуметтік-мәдени салаларда ауызша және жазбаша қарым-қатынас құралы ретінде ағылшын, араб тілін еркін меңгереді (КҚ29).	Аудио-видео материалдар, презентация, Kahoot топпен жұмыс жасау, жоба дайындау әдістері алынады.
	Дінтану бойынша зерттеулердің әдістемесі мен мәселелері/ Дәстүрлі діндер және жаңа діни ағымдар	Дәстүрлі діндер мен жаңа діни ағымдардың пайда болу тарихын біле отырып, олардың өзара байланыстарын түсінеді (КҚ30). Дінтанулық мәселерді шешудің заманауи әдістерімен танысу арқылы нақты мәселені шешуде өзіндік әдістемелерді ұсына алады (КҚ31).	Білім алушының жеке сұраныстарына көңіл бөлу, психологиялық және педагогикалық дағдыларды қалыптастыру мақсатында бағыттау,

			практикалық баулу іске асырылады.
Жаһандану заманындағы дін	Діни жаһандану және модернизация / Діни экстремизм: тарихы мен мәні	Пәнді игеру нәтижесінде магистрант жаһандық үдерістердің діни-конфессионалдық қатынастарға ықпалын сараптау қабілеттеріне ие болады (КҚ32); қазіргі діни ілімдер мен көзқарастарды және олардың саяси-әлеуметтік аспектілерін тұжырымдайды (КҚ33).	Пәнді оқыту бірнеше методологиялық парадигмаларды қамтиды, теологиялық парадигма жаһандық үдерістерді түрлі діни идеялар мен идеологиялар контексінде қарастырады.
	Қазіргі шығыстанудағы Құран ілімі / Тафсир ілімінің қазіргі таңдағы мәселелері	Шығыстанушылардың Құранды зерттеуіне түрткі болған діни, саяси, мәдени факторларды талдап, түсіндіре алады (КҚ34). Тафсир ілімінің қазіргі таңдағы мәселелерімен танысады (КҚ35).	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында оқытудың белсенді және интерактивті формалары және демонстрация, иллюстрация және бақылау тәсілдері қолданылады.
	Қазақстан Республикасында білім беру жүйесі мен заңдары/ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	Білім беру жүйесіне қатысты заңнамалық құжаттармен, ережелермен танысып, оларды тәжірибелік тұрғыда қолдана алады (КҚ36). Сыбайлас жемқорлыққа шақыратын теріс идеологияның алдын алу әдістерін біледі (КҚ37). Сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізілетін мәдени іс шараларды ұйымдастыру тәсілдерін игереді (КҚ38).	Теориялық курсты оқытуда дәстүрлі және инновациялық әдіс-тәсілдер негізге алынады.
Тағлымдама және ғылыми-зерттеу	Тағлымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	Тәжірибе алмасу арқылы қалыптасқан жүйені жетілдіруге, толықтыруға қабілетті болады (КҚ39). Магистрлік диссертацияны орындау талаптарымен, кезеңдерімен танысып, жүзеге асыра алады (КҚ40).	Ғылыми ізденісті жүргізу кезеңінде уақытты тиімді пайдаланып, дереккөздерді қолдануға машықтанады. ғылыми еңбектің мақсаты мен міндетін, жаңалығын, зерттеу әдістерін

			т.б. меңгереді.
Диссертацияны рәсімдеу және қорғау	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау	Диссертацияны рәсімдеу талаптарын меңгереді (КҚ41). Ғылыми ізденісінің нәтижесін ұсынып, өз тұжырымдарын қорғай алу қабілетіне ие болады (КҚ42).	Ғылыми-зерттеу жұмыстарына сараптама, талдау жасайды, жіктейді, топтастырады және қорытынды шығарады.

КҚ – Кілттік құзіреттіліктер

3.2 Білім беру бағдарламасы нәтижелерінің негізгі құзіреттіліктермен сәйкестендірілу матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10
НҚ1	+		+							
НҚ2		+			+			+		
НҚ3					+	+				
НҚ4			+			+	+			
НҚ5			+				+	+	+	
НҚ6		+		+		+				
НҚ7	+	+		+						
НҚ8				+	+		+			+

НҚ – негізгі құзіреттіліктер

ОН – оқыту нәтижелері

3.3 Білім беру бағдарламасының оқу жоспары

№	Пән атауы	Цикл және компонент	Қорытынды бақылау	Академиялық кредиттер саны	Қалыптастырылатын құзіреттіліктер (3.1 бөліміндегі кодтар)
1 семестр					
1	Ғылым тарихы мен философиясы	БП/ЖК	емтихан	5	КҚ1, КҚ2
2	Шетел тілі (кәсіби)	БП/ЖК	емтихан	5	КҚ3, КҚ4
3	Басқару психологиясы	БП/ЖК	емтихан	5	КҚ5, КҚ6
4	Қазіргі дінтанудың мәселелері	БП/ЖК	емтихан	5	КҚ18, КҚ19
5	Исламдағы ағымдар мен бағыттар/ Қазақстандағы діни ағымдар	БП/ТК	емтихан	5	КҚ24, КҚ25
6	Ғылыми-зерттеу әдістері мен әдіснамасы/	БП/ТК	емтихан	5	КҚ26, КҚ27

	Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау				
Қорытынды				30	
2 семестр					
1	Діни мәтіндерді түсіну және түсіндіру мәселелері/ Қасиетті мәтіндер экзегетикасы	БП/ТК	емтихан	5	КҚ12, КҚ13
2	Дінтану әдіснамасы/ Дінтанулық сараптама әдістемесі	БП/ТК	емтихан	5	КҚ14, КҚ15
3	Мамандыққа қатысты араб тіліндегі мәтіндер/ Діни қолжазбалар	БП/ТК	емтихан	5	КҚ16, КҚ17
4	Шетел деректеріндегі дінтану/ Дінтану салаларында жасалатын мамандандырылған аударма	БП/ТК	емтихан	5	КҚ28, КҚ29
5	Дінтану бойынша зерттеулердің әдістемесі мен мәселелері/ Дәстүрлі діндер және жаңа діни ағымдар	БП/ТК	емтихан	5	КҚ30, КҚ31
6	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	МҒЗЖ	есеп	5	КҚ39, КҚ40
Қорытынды				30	
3 семестр					
1	Жоғары	БП/ЖК	емтихан	4	КҚ7, КҚ8

	мектептің педагогикасы				
2	Педагогикалық практика	БП/ЖК	есеп	1	КҚ9, КҚ10, КҚ11
3	Дін антропологиясының тарихы мен теориясы	БП/ТК	емтихан	5	КҚ22, КҚ23
4	Діни жаһандану және модернизация / Діни экстремизм: тарихы мен мәні	БП/ТК	емтихан	5	КҚ32, КҚ33
5	Қазіргі шығыстанудағы Құран ілімі/ Тафсир ілімінің қазіргі таңдағы мәселелері	БП/ТК	емтихан	5	КҚ34, КҚ35
6	ҚР білім беру жүйесі мен заңдары/ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	БП/ТК	емтихан	5	КҚ36, КҚ37, КҚ38
7	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	МҒЗЖ	есеп	5	КҚ39, КҚ40
Қорытынды				30	
4 семестр					
1	Зерттеу практикасы	БП/ТК	есеп	4	КҚ20, КҚ21
2	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	МҒЗЖ	есеп	14	КҚ39, КҚ40
3	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және	КА	ДЖ қорғау немесе Кешенді	12	КҚ41, КҚ42

	қорғау		емтихан		
Қорытынды				30	
ЖАЛПЫ БАРЛЫҒЫ				120	